

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Ерейментау қаласының Насыр Смағұлов атындағы мектеп-лицейі» КММ-сі

КГУ «Школа-лицей имени Насыра Смагулова города Ерейментау отдела образования по Ерейментаускому району управления образования Акмолинской области»

Бұйрық

04.12.2023

Ерейментау қаласы

Приказ

№ 140

город Ерейментау

Қашықтықтан оқытуға ауыстыру туралы.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы №42 бұйрығымен бекітілген «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 55 бабының 2) тармақшасына, «Білім туралы» ҚР Заңының 48 бабының 1 тармағына, «Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларының» 3 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Желдің жылдамдығын ескере отырып, келесі температура шегінде сабақтарды қашықтықтан оқытуына ауыстыру:

Желдің жылдамдығы секундына 2 метрден кем болғанда:

- 0-4 сынып оқушылары үшін сыртқы ауа-райының температурасы -27°C;
- 0-9 сынып оқушылары үшін сыртқы ауа-райының температурасы -30°C;
- 0-11 сынып оқушылары үшін сыртқы ауа-райының температурасы -35°C;

Желдің жылдамдығы секундына 2 метр және одан да артық болғанда:

- 0-4 сынып оқушылары үшін сыртқы ауа-райының температурасы -25°C;
- 0-9 сынып оқушылары үшін сыртқы ауа-райының температурасы -27°C;
- 0-11 сынып оқушылары үшін сыртқы ауа-райының температурасы -30°C;

Қатты көктайғақ болғанда:

- 0-4 сынып оқушылары үшін желдің жылдамдығы секундына 6-7 м болғанда;
- 0-9 сынып оқушылары үшін желдің жылдамдығы секундына 8-9 м болғанда;
- 0-11 сынып оқушылары үшін желдің жылдамдығы секундына 10 м болғанда;

2. Боран күшейген және көріну нашарлаған жағдайда сабақтар қашықтықтан оқытуға ауыстырылады.

3. Осы бұйрықты мектеп сайтына және электрондық журналына орналастыру жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Б.Мясниковаға жүктелсін.

4. Бұл ақпаратты сынып жетекшілерге жеткізу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.В.Забаштанскаяға жүктелсін.

5. Бұл ақпаратты барлық ата-аналар мен мектеп оқушыларына жеткізу жауапкершілігі 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін.

6. Сабақтарды қашықтықтан оқытуына ауыстыру туралы ақпаратты сынып жетекшілеріне, педагогикалық ұжымға, тиісінше ата-аналарға сынып жетекшілері арқылы 1 ауысым үшін сағат 06.45мин-тен 08.00мин-ке дейін жеткізілуін қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Б.Мясниковаға және 2 ауысым үшін сағат 11.15мин-тен 13.00мин-ке дейін жеткізілуін қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Т.Мамбеталинаға жүктелсін.
7. Сабақ қашықтықта оқытуына ауыстырылған кезде оқушылардың қозғалысын, олардың орналасқан жерін қатаң бақылауға алынуы 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры:

С.Т.Икласова